



Қылмыстық құқық. Қылмыстық процесс / Criminal law. Criminal procedure / Уголовное право. Уголовный процесс

ХҒТАР 343.3.7

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2026-155-2-183-198>

Ғылыми мақала

Экономикалық контрабандаға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық механизмі: жай-күйі және мәселелері

Ж.Д. Сеилханов*¹, В.Б. Шабанов²

¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

²Беларусь мемлекеттік университеті, Минск, Беларусь

(e-mail: ¹janatdyisenbai001@gmail.com, ²lawcrim@bsu.by)

Аңдатпа. Экономикалық контрабанда мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне төнетін аса қауіпті қылмыстардың бірі болып табылады, ол қаржылық мүдделерге елеулі зиян келтіріп, құқықтық тәртіптің тұрақтылығына нұқсан келтіреді. Мақалада Қазақстан Республикасында экономикалық контрабанда үшін қылмыстық жауаптылықтың механизмін және жай-күйін, нақтылап айтқанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасының 234-бабының нормасы зерттеліп, нақтыланған. Осы тақырыпты зерттеудің негізгі мақсаты – экономикалық контрабандамен күресудің тиімділігін арттыруға арналған ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу. Сонымен қатар, зерттеу ұлттық мүдделерді қорғауға, тауарларды Еуразиялық экономикалық одақ кедендік шекарасы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз тасымалдаудың алдын алуға бағытталған. Бұл ұсыныстар контрабандалық әрекеттердің жолын кесуге және кедендік бақылау жүйесін жетілдіруге көмектесуді көздейді.

Қылмыстық заңнама нормалары мен сот практикасы талданып, құқық қолдану қызметіндегі өзекті мәселелер айқындалды. Қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесін, оны қайталап, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы, қызметтік жағдайын пайдаланып, сондай-ақ ірі және аса ірі мөлшерде жасауды ескере отырып, жауаптылықты саралау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Зерттеудің ғылыми маңызы қылмыстық жауаптылық шектерін айқындау тәсілдерін нақтылауда және оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қалыптастыруда көрінеді. Практикалық маңызы – алынған тұжырымдарды заңнаманы жетілдіруде және құқық қорғау органдарының қызметінде қолдану мүмкіндігінде. Зерттеудің әдіснамалық негізін талдау және жинақтау, формальды-құқықтық және салыстырмалы-құқықтық әдістер, сондай-ақ сот практикасын зерделеу құрады.

Түсті: 23.02.2026 Мақұлданды: 18.06.2026 Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Зерттеу нәтижесінде бас бостандығынан айыру мерзімдерін және айыппұл мөлшерін ұлғайтуды қоса алғанда, қылмыстық жауаптылықты күшейту қажеттілігі негізделді.

Сонымен қатар лауазымды тұлғалар мен ұйымдасқан топ мүшелеріне қатысты қатаң шаралар белгілеу ұсынылды. Жаза тағайындауды қылмысты жасау тәсілі мен оның салдарының ауырлығына қарай саралау орынды деген қорытынды жасалды. Зерттеу нәтижелері экономикалық контрабандаға қарсы құқықтық тетіктерді жетілдіруге бағытталған.

Кілт сөздер: экономикалық контрабанда, қылмыстық жауаптылық, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы, Қылмыстық кодекстің 234-бабы, санкцияларды қатаңдату, экономикалық қылмыс, құқық қолдану практикасы, ұйымдасқан қылмыстық топтар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Конституциясы жоғары заңдық күші бар заң актісі бола отырып, мемлекеттік тәуелсіздіктің, ұлттық мүдделерді қорғаудың басымдығын, сондай-ақ мемлекеттің заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін бекітеді.

Қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайындағы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде, өйткені жаһандану жағдайында тауарлардың мемлекеттік шекаралар арқылы өткізілуі тауарлардың заңсыз өткізілуін қоса алғанда, күрделі сипатқа ие болады. Кедендік құқық бұзушылықтардың бір түрі белгіленген кедендік ережелерді сақтаудан жалтару мақсатында тауарларды немесе өзге де заттарды мемлекеттік шекара арқылы заңсыз өткізу экономикалық контрабанда болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы заңының 4-бабы 4) тармағына сәйкес Экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі. Ал аталған Заңның 6-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына байланысты ұлттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қатерлердің бірі елдің мүдделеріне қайшы келетін стратегиялық ресурстарды пайдалануды, инвестициялық белсенділіктің инновациялық дамуы мен өсуіне кедергі келтіруді, капитал мен тауарларды елден тыс бақылаусыз әкетуді, көлеңкелі экономиканың өсуін қоса алғанда, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру болып табылады [1].

Контрабанда ең алдымен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл бірнеше негізгі себептермен түсіндіріледі.

Біріншіден, тауарлар заңсыз түрде елге әкелінгенде немесе елден шығарылғанда, мемлекетке төленуі тиіс кедендік баждар мен міндетті төлемдер бюджетке түспейді. Соның салдарынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджеті жоспарланған кірістерден айырылады.

Екіншіден, кейбір жағдайларда елден шығаруға шектеу қойылған немесе мүлдем тыйым салынған тауарлар заңсыз жолмен шетелге тасымалданады. Мұндай тауарларға, әдетте, ел экономикасы үшін маңызды стратегиялық шикізат пен ресурстар жатады. Олардың заңсыз әкетілуі мемлекеттің экономикалық мүдделеріне кері әсерін тигізіп, ұлттық ресурстардың азаюына әкелуі мүмкін. Мәселен, 2025 жылы Мемлекетіміздің құқық қорғау органдары металл сынықтарын әкетуге қолданыстағы мемлекеттік тыйым салуды айналып өтетін қара металл контрабандасының ірі арналарының жолын кесті. Ішкі істер министрлігінің ресми деректеріне сәйкес, еліміздің бірнеше өңірінде (соның ішінде Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарында) заңды өнім, атап айтқанда, жоғары легирленген болат және өнеркәсіптік шикізат түріндегі қара металл сынықтарын заңсыз экспорттау фактілері анықталды.

Солтүстік Қазақстан облысында жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (ЖШС) бірінің басшысы ұйымдастырған схема анықталды, оның шеңберінде Теміржол көлігімен 170 миллион теңгеден астам сомаға 1 500 тоннадан астам қара металл әкетілді. Тергеу іс-шаралары барысында металлобаза аумағында жөнелтуге дайын 7 вагонды қоса алғанда, қосымша 1 000 тоннаға жуық сынық табылған.

Осыған ұқсас жағдай Маңғыстау облысында тіркелді, онда Каспий маңы елдеріне теңіз жолымен 400 тоннадан астам металл экспортталды. Кәсіпорын аумағында тінту кезінде экспортқа дайындалған 2 контейнерді қоса алғанда, 420 тоннадан астам металл сынықтары табылды [2].

Анықталған схемалар қайталама шикізат айналымы саласында көлеңкелі сектордың ұйымдастырылуының жоғары дәрежесін куәландырады және стратегиялық маңызы бар ресурстарды заңсыз әкетуді болғызбау мақсатында кедендік бақылауды, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтіп, заңдардың және жауаптылықтың күшейтілуін қажет етеді.

Елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – кез келген мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Мемлекеттің тұрақты дамуы мен тәуелсіздігін сақтау ұлттық қауіпсіздікті нығайтумен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының ішінде елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, сондай-ақ жалпы қауіпсіздігін күшейту басты басымдықтардың бірі ретінде белгіленген. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ұлттық қауіпсіздіктің экономикалық және ақпараттық құрамдас бөліктерін дамытуға және оларды нығайтуға бағытталған қызметті белсенді түрде жетілдіру көзделеді. Уәкілетті мемлекеттік органдар «көлеңкелі» экономикаға қарсы күресті күшейтіп, кез келген құқық бұзушылық нысандарына қарсы күрес және олардың алдын алуы, заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, кез келген құқық бұзушылық үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуді, құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын мүлтіксіз орындауды одан әрі жалғастыруды талап етілген. [3].

Қазіргі таңда әлемде ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлердің түрлері өте көп және олардың қатары уақыт өткен сайын ұлғайып келеді. Осындай қатерлердің бірі – экономикалық контрабанда. Бұл мәселе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасы үшін де маңызды қауіптердің бірі болып саналады.

Қазіргі кезеңде экономикалық контрабанданың өзектілігі бірқатар себептерге байланысты артып отыр.

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша экономикалық бағыттағы қылмыстар саны соңғы жылдары тұрақты жоғары деңгейде сақталуда. Бұл жағдай көлеңкелі экономиканың сақталуын және трансшекаралық заңсыз экономикалық операциялардың жалғасып отырғанын көрсетеді. Экономикалық контрабанда аталған құқық бұзушылықтардың ең қауіпті нысандарының бірі ретінде ұлттық экономикалық қауіпсіздікке тікелей әсер етеді.

Біріншіден, бұл құбылыстың көлемі жылдан жылға өсіп келеді. Уақыт өте келе экономикалық контрабанда жеке жағдайлармен шектелмей, кең таралған, жаппай сипат алуда.

Екіншіден, контрабанда қылмыстары барған сайын ұйымдасқан түрде жүзеге асырылуда. Мұндай заңсыз әрекеттер көбіне қаржылық, материалдық және зияткерлік мүмкіндіктері мол ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қауымдастықтардың қатысуымен жасалады. Бұл жағдай экономикалық контрабанданың қоғам мен мемлекет үшін қауіптілігін одан әрі күшейтеді. Бұл қауымдастықтардың құрамына құқық қорғау органдарының қызметкерлері (экономикалық тергеу органдары, кеден қызметі және т.б.) және мемлекеттік аппарат қызметкерлері қатысады, бұл осы қылмыспен күресуді едәуір қиындатады.

Экономикалық контрабанда – бірнеше қыры бар күрделі құбылыс, сондықтан оны жан-жақты қарастыру қажет. Бұл заңсыз әрекеттің салдары әртүрлі салаларда көрініс тауып, қоғам мен мемлекет үшін кешенді әрі жүйелі зиян келтіруі мүмкін.

Контрабанданың әсері экономикалық, әлеуметтік, саяси және қылмыстық бағыттарда айқын байқалады. Әсіресе экономикалық контрабанда тек мемлекеттің қаржылық жүйесіне ғана емес, сонымен қатар жеке азаматтардың мүдделеріне де кері ықпал етеді. Яғни, оның зияны Қазақстан Республикасы қоғамының барлық деңгейінде сезіліп, мемлекетке де, жалпы қоғамға да елеулі шығын келтіреді. Экономикалық контрабанданың салдарын олардың мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне әсері тұрғысынан қарастырған жөн.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында экономикалық контрабандаға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық тетіктерін кешенді бағалау үшін жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістер қолданылды.

Формальды-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 234-бабының, 41-бабының, 55-бабының және өзге де байланысты нормалардың мазмұнын, олардың өзара байланысын және құқықтық реттеу тиімділігін талдау мақсатында пайдаланылды. Аталған әдіс қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардағы құқықтық олқылықтарды және оларды жетілдіру бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасының заңнамасын Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының және Қырғыз Республикасының контрабандаға қарсы қылмыстық-құқықтық реттеу тәжірибесімен салыстыру барысында қолданылды. Нәтижесінде экономикалық контрабанда үшін жауаптылықты саралау, санкцияларды белгілеу және мүліктік жазаларды қолдану ерекшеліктері анықталды.

Сонымен қатар статистикалық талдау әдісі арқылы құқықтық статистика органдарының ресми деректері зерделеніп, экономикалық бағыттағы қылмыстардың динамикасы бағаланды. Құқық қолдану практикасын талдау барысында құқық қорғау органдары жариялаған нақты қылмыстық істердің материалдары қарастырылып, экономикалық контрабанданың жасалу тәсілдері мен ұйымдасқан нысандарының ерекшеліктері зерттелді.

Сондай-ақ, контент-талдау элементтері пайдаланылып, құқық қорғау органдарының ресми хабарламалары мен жарияланған сот актілері жүйеленді. Бұл тәсіл экономикалық контрабанданың жасалу тетіктерін және құқық қолдану тәжірибесіндегі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеудің ғылыми жаңалығы экономикалық контрабандаға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық механизмін жетілдіру бойынша нақты заңнамалық ұсыныстар әзірлеуде көрінеді. Атап айтқанда, алғаш рет экономикалық контрабанда құрамдары бойынша айыппұлды өткізілген тауарлардың құнына еселенген мөлшерде белгілеу мүмкіндігін енгізу, ҚК-нің 41-бабын толықтыру, сондай-ақ ҚК-нің 55-бабында көзделген жеңілдіктер қатарынан экономикалық контрабанда құрамын алып тастау ұсынылады. Бұл ұсыныстар жазаның бұлтартпастығы мен оның экономикалық тиімділігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Экономикалық контрабанданың қоғамдық қауіптілігі (234 баптың 1, 2, 3 – бөліктері қылмыстар) бұл әрекеттің Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне елеулі зиян келтіретіндігінде.

Алайда, ҚР ҚК-нің 234-бабына санкциялар қолдану тәжірибесі, әсіресе жасалған іс-әрекеттің ауырлық дәрежесі қалай бағаланатыны тұрғысынан қайта қарауды қажет етеді. Экономикалық контрабанда үшін санкцияларды қайта қарау мәселесі экономиканың жаһандануы және заңсыз экономикалық операциялардың өсуі тұрғысынан өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 3-бабының 38) тармағына сәйкес кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлардың не жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асатын өзге де Кедендік бақылау объектілерінің құны ірі көлем деп танылады. Аталған критерий ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі бойынша «Экономикалық контрабанда» іс-әрекетті қылмыстық жазаланатын деп тану үшін шекті белгілей отырып, іс-әрекеттерді саралау кезінде шешуші мәнге ие [4].

Алайда, құқық қолдану тәжірибесін, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік шындықты талдау санкцияларды көрсетілген норма бойынша қатаңдату қажеттілігін, оның ішінде ірі мөлшерді анықтайтын сандық шекті қайта қарау арқылы негізді түрде бекітуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, белгіленген 20 000 АЕК шегі ондаған миллион теңгеден асатын қомақты соманы білдіреді. Бұл тауар партияларын әдейі бөлшектеген адамдар тек әкімшілік шаралармен шектеліп, қылмыстық жауапкершіліктен жалтарған кезде теріс пайдалану мүмкіндіктерін тудырады. Осылайша, қолданыстағы шек іс жүзінде экономикалық контрабандаға қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық механизмінің тиімділігін төмендетеді.

Екіншіден, трансшекаралық сауданың өсуін, қолма-қол және қолма-қол ақшасыз ақша айналымының ұлғаюын, сондай-ақ ұйымдастырылған контрабанда схемаларының ауқымдылығын қоса алғанда, қазіргі экономикалық жағдай қылмыстық заңнама тарапынан неғұрлым икемді және жедел реакцияны талап етеді. Бұл жағдайда үлкен көлемде жасалған әрекеттер үшін санкцияны үлкейту қылмыстық құқықтың алдын алу функциясын күшейтуге бағытталған қисынды және негізделген қадам болып көрінеді. Сонымен бірге санкцияларды күшейту жазалауды қатаңдату мақсатында ғана емес, экономикалық залалдың алдын алу құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Экономикалық контрабанда салдарынан мемлекет бюджеті кедендік төлемдер мен салықтар түріндегі елеулі түсімдерден айырылады, ал заңды кәсіпкерлік субъектілері әділетсіз бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр болады. Сондықтан ұсынылып отырған өзгерістердің құқықтық салдары құқық бұзушылар үшін тәуекел деңгейін арттыруға бағытталса, әлеуметтік-экономикалық салдары ішкі нарықты қорғауға, адал бизнесті қолдауға және бюджет кірістерін ұлғайтуға ықпал етеді.

Үшіншіден, шетелдік мемлекеттердің қылмыстық заңнамасына жүргізілген салыстырмалы талдау экономикалық контрабанда үшін жауаптылық мәселесінде Қазақстанға қарағанда қатаң тәсілдердің қолданылатынын көрсетеді. Мысалы, Беларусь Республикасының Қылмыстық кодексінде контрабанда экономикалық қауіпсіздікке қарсы қылмыс ретінде қарастырылып, алғаш рет жасалған жағдайларда да бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға мүмкіндік берілген. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінде стратегиялық маңызы бар тауарларды заңсыз өткізу үшін жоғары мөлшердегі айыппұлдармен қатар, бірнеше жылға бас бостандығынан айыру көзделген. Қырғыз Республикасының заңнамасында да экономикалық контрабанда үшін жауаптылық тауар құнына және ұйымдасқан түрде жасалуына қарай сараланып белгіленеді.

Аталған мемлекеттердің тәжірибесі экономикалық контрабанданы тек кедендік тәртіпті бұзу ретінде емес, ұлттық экономикалық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін қылмыс ретінде бағалайтынын көрсетеді. Сондықтан Қазақстан заңнамасында да санкцияларды жетілдіру кезінде халықаралық тәжірибеде қалыптасқан осы тәсілдерді ескеру орынды болып табылады [5].

Осылайша, экономикалық контрабанда жасайтын адамдарға қылмыстық-құқықтық ықпал етудің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігінде көзделген санкцияны қатаңдату арқылы негізді болып көрінеді.

Бұл мемлекеттің экономикалық мүдделерін тиісті қорғауды қамтамасыз етіп қана қоймай, тұтастай алғанда құқықтық жүйеге деген сенімді нығайтады.

«2026-2028 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» 2025 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес, айлық есептік көрсеткіш 4325 теңге мөлшерінде белгіленді. Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі (86 500-тан 865 400 теңгеге дейін) шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде көрсетілген [6].

Айыппұл салудың екі түрі бар:

– Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған АЕК-тің белгілі бір санына тең мөлшерде тағайындалатын әдеттегідей;

– параның мөлшеріне, сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, ұрланған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына тағайындалатын еселік.

Заң шығарушы ҚК-нің 41-бабында кейбір қылмыстар үшін айыппұлдың еселенген мөлшерін тағайындауды бөлек анықтайды. Атап айтқанда, ҚК - нің 366 - бабының 1-бөлігінде (пара алу) жазаның басқа түрлерінен басқа, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде көзделген; 1-1-бөлігінде параның отыз еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл; 2-бөлігінде параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл; 3-бөлігінде параның алпыс еселенгеннен жетпіс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл; 4-бөлімде параның жетпіс еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салынады [4].

ҚК-нің 189-бабының 3-бөлігінде сеніп тапсырылған бөтен мүлікті басқа жаза түрлеріне балама ретінде иемденгені немесе ысырап еткені үшін ұрланған мүліктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшеріне айыппұл қарастырылған.

Сондай-ақ, ҚР ҚК кейбір баптар бойынша айыппұлдың тағайындалуын еселенген мөлшерде айқындайды, 190-бап. Алаяқтық, 235-1-бап. Валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасынан заңсыз әкету, жөнелту және аудару, 245-бап. Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару, 253-бап. Параға коммерциялық сатып алу, 366-бап. Пара алу, 367-бап. Пара беру, 368-бап. Парақорлыққа делдалдық.

ҚР қылмыстық кодексінің 41-бабының редакциясына сәйкес, айыппұл:

«Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.» [4].

Алайда, бұл тізбеде кедендік шекара арқылы өткізілген тауарлардың құны туралы айтылмайды, бұл олардың елеулі қоғамдық зияны мен экономикалық қауіптілігіне қарамастан, ҚР ҚК 234-бабы бойынша сараланатын әрекеттерге қатысты бірнеше айыппұл қолдануға мүмкіндік бермейді. Мұндай құқықтық құрылым санкциялардың өзгергіштігін едәуір шектейді және осы саладағы қылмыстық заңның алдын алу әлеуетін төмендетеді.

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне қол сұғатын экономикалық контрабанданың қоғамдық қауіптілігінің артуын ескере отырып, аталған олқылықты жою үшін ҚР ҚК 41-бабының тұжырымымен негізді толықтыру ұсынылады:

– ҚР ҚК-нің 41-бабының бірінші бөлігіндегі «жымқырылған мүлік құнына» деген сөзден кейін «өткізілген тауарлардың құны» деген сөзбен толықтырылуы керек, бұл бірнеше айыппұлдарды анықтау тәсілдерінің біркелкілігін қамтамасыз етеді және экономикалық контрабандадан келтірілген залалды неғұрлым икемді және барабар бағалауға мүмкіндік береді.

Мұндай өзгеріс санкция мөлшері мен жасалған қылмыстың ауырлығы арасындағы әділ қатынасты белгілеп қана қоймай, қылмыстық заңның алдын алу әсерін күшейтуге, сондай-ақ мемлекетке келтірілген залалды тиімді өтеуге ықпал етеді.

Экономикалық контрабанда үшін жауапкершілікті көздейтін ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі оны онша ауыр емес қылмыс ретінде жіктейді. Алайда, мемлекеттік қаржы мен қауіпсіздікке келтірілген экономикалық елеулі залалды ескере отырып, бұл қылмысты орташа ауырлықтағы қылмыс ретінде саралау мәселесін қарастыру қажет деп санаймыз.

ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігі экономикалық контрабанда үшін үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейді.

Контрабанданың ауқымын және Ұлттық экономика үшін тәуекелдердің ұлғаюын назарға ала отырып, ҚР ҚК 234-бабының 1-бөлігінің санкциясын қайта қарау орынды.

Санкцияны келесі редакцияда көрсету арқылы өзгерту ұсынылады:

– ҚР ҚК-нің 234-бабының бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде» деген сөздерді «үш еселенгеннен бес еселенгенге дейінгі өткізілген тауарлардың құны» сөздермен; «бір жылға дейінгі мерзімге» деген сөздермен «үш жылға дейінгі мерзімге» деген сөздермен ауыстырылуы керек.

Бұл өзгеріс айыппұлдың дәлірек анықтамасын көрсетеді, бұл айыппұл мөлшерін ұлғайтуға және өткізілген тауарлардың құнына байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілік дәрежесін арттыруға және бас бостандығынан айыру жазасын, ауырлығы орташа қылмыстарға жатқызуға мүмкіндік береді. Мұндай шара жасалған қылмыстардың нақты экономикалық кемшіліктерін жақсы есепке алуға ықпал етеді.

Ағымдағы редакцияда ҚР ҚК 234-бабының 2-бөлігінде экономикалық контрабанда үшін санкция бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не мүлкі тәркіленіп немесе тәркіленбей сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

ҚР ҚК 234-бабының 2-бөлігінде: 1) бірнеше рет; 2) адам өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып; 3) шекаралық немесе кедендік бақылауды жүзеге асыратын адамға күш қолданып; 4) аса ірі мөлшерде; 5) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобымен жасағаны үшін жауаптылық көзделген.

Контрабанда, егер ол екі немесе одан да көп рет жасалса, бірнеше рет мінсіз деп танылады. Бұл ретте, алдыңғы қылмыс үшін адам сотталмағанын немесе бұрын жасалған контрабанда үшін адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмағанын, сондай-ақ ҚР ҚК 71 және 88-баптарында белгіленген ескіру мерзімдерінің аяқталмағанын анықтау маңызды.

Қызмет борышы бойынша Кедендік немесе шекаралық бақылауды жүзеге асыруға, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды немесе өзге де құндылықтар мен заттарды тексеріп қарау жөніндегі тиісті іс-қимылдарды жүзеге асыруға және шекарадан өтуге рұқсат беруге міндетті тұлға өзінің қызметтік жағдайын пайдаланатын тұлға болып саналуға тиіс. Өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасалған контрабанда мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық заңның баптары бойынша қосымша саралауды талап етілмейді деп айтылған [8].

Шекаралық немесе кедендік бақылауды жүзеге асыратын адамға күш қолданып көбінесе кедендік шекара арқылы тауарлардың немесе өзге де заттардың заңсыз өткізілуіне кедергі келтірмеуге мәжбүрлеу мақсатында физикалық немесе психикалық болады. Егер күш қолдану адам өліміне немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіруде көрсетілсе, онда жасалған іс ҚК-нің 234-бабының 2-бөлігінде және ҚР ҚК-нің 99 немесе 106-баптарында көзделген қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануы тиіс деп белгіленген [7].

ҚР ҚК-нің 3-бабының 3) тармақшасына сәйкес, қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты аса ірі мөлшері отыз мың айлық есептік көрсеткіштен асатын өткізілген тауарлардың құны деп танылады.

Егер контрабанданы бірлесіп жасау туралы алдын ала уағдаласқан адамдар қатысса, контрабанданы алдын ала сөз байласу арқылы жасалған адамдар тобы деп саналады.

Жоғарыда аталған ерекшеліктерді ескере отырып, жасағаны үшін ҚР ҚК 234-бабының 2-бөлігінің санкциясын мынадай редакцияда жаза отырып өзгерту ұсынылады:

– ҚР ҚК-нің 234-бабының екінші бөлігінің екінші абзацындағы «бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде» деген сөздерді «бес еселенгеннен жеті еселенгенге дейінгі өткізілген тауарлардың құны» сөздермен; «үш жылға дейінгі мерзімге» деген сөзді «үш жылдан алты жылға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылса.

ҚР ҚК 234-бабының 3-бөлігі осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көрсетілген, жасалған іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті көздейді:

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам, егер өз қызметін пайдаланумен байланысты болса.

2. ҚР ҚК 3-бабының 24-тармағында көрсетілгендей қылмыстық топқа ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым кіреді [4].

Экономикалық контрабанда ресми есеп пен статистикадан жасырылған яғни латентті қылмыс болып табылады, бұл оны анықтау және алдын алу процесін едәуір қиындатады. Ұйымдасқан қылмыстың бұл түрі көбінесе жасырындықтың жоғары деңгейіне және қылмыстық іс-әрекетке қатысы бар немесе қылмыстық топтардың құрамына кіретін субъектілердің қатысуына байланысты байқалмайды. Экономикалық контрабанданың кідірісі құқық қорғау органдары жұмысының ашықтығының жеткіліксіздігімен күрделене түседі, бұл оның тиісті қарсылықсыз дамуын жалғастыруға, мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамның сенім деңгейін төмендетуге ықпал етеді [6].

1-Кесте. 2024 және 2025 жылдарда жасалған экономикалық қылмыстың жай-күйі туралы жалпы мәлімет

Экономикалық бағыттағы қылмыстар	Тіркелген қылмыстар саны		Қылмыстың ашылуы (%)	
	2025	2024	2025	2024
	346	343	83,8%	68,3%

2-Кесте. 2024 және 2025 жылдарда жасалған экономикалық қылмыстың жекелеген санаттары жасаған қылмыстар туралы мәліметтер

Адамдардың жекелеген санаттары жасаған қылмыстар туралы мәліметтер (тергелген қылмыстар бойынша)	2025	2024
бұрын қылмыс жасап қайта жасаған қылмыстар	452	687
бұрын сотталғандар жасаған қылмыстар	211	381
адамдар тобы жасаған қылмыстар	96	163
оның ішінде ұйымдасқан топ	28	71

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [9].

Осы қылмыстардың жасырындығын және олардың ұйымдасқан топтармен байланысын, сондай-ақ мемлекеттің экономикасы мен қауіпсіздігіне әсерін ескере отырып, мұндай әрекеттер үшін жазаны қатаңдату қажет. Мысалы 2025 жылдың шілде айында Түркістан облысы прокуратурасының үйлестіруімен, Қаржылық мониторинг агенттігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық департаменттері бірлесіп, Өзбекстан құқық қорғау органдарының қолдауымен жанармай өнімдерін жасырын тоннель арқылы шекарадан өткізумен айналысқан халықаралық қылмыстық топтың әрекетін әшкереледі. Тергеу барысында анықталғандай Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекараға жақын аумақта топ мүшелері 450 метрлік жерасты тоннелін қазған. Қылмыстық схема екі ай бойы жұмыс істеген. Осы уақыт ішінде шетелден қаржыландырылып отырған жанар-жағармай материалдарын тасымалдауға арналған логистикалық бағыттар мен жасырын шығару арнасы құрылған [5].

Қоғамда болып жатқан жасырын қылмыстарды ескере отырып, қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату экономикалық контрабандаға қарсы күресте маңызды қадам болады, бұл алдын алу әсерін арттыруға және осы қылмыстық әрекетті тиімдірек тоқтатуға мүмкіндік береді. Бұл осындай қылмыстар жасағандар үшін жазалау шараларын күшейтіп қана қоймай, құқық қорғау органдары үшін осындай әрекеттерді неғұрлым белсенді анықтауға және жолын кесуге қосымша ынталандырулар жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ҚР ҚК 234-бабының 3-бөлігінің санкциясын мынадай редакцияда жаза отырып өзгерту ұсынылады:

– ҚР ҚК-нің 234-бабының үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш жылдан сегіз жылға дейінгі» сөздермен «алты жылдан он жылға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылуы керек.

Шетелдік тәжірибе сонымен қатар экономикалық қылмыстар үшін жазаны олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай тағайындауға сараланған тәсілдің қажеттілігін көрсетеді. Мәселен, 1999 жылғы 9 шілдедегі Беларусь Республикасы Қылмыстық кодексінің 25-тарауына 2-ескертпеге сәйкес Экономикалық қызмет саласындағы онша ауыр емес қылмысы үшін алғаш рет сотталған адамға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалмайды. Алайда, контрабанда, заңсыз экспорт немесе экспорттық бақылау объектілерін беру, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) сияқты қылмыстар осы ережеден тікелей алынып тасталады. Бұл заңна-

малық шешім мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне және экспорттық бақылау саласындағы халықаралық міндеттемелерге тікелей қауіп төндіретін іс-әрекеттерге көбірек назар аударуды көрсетеді [11].

Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіру үшін пайдалы болуы мүмкін. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 55-бабының бірінші бөлігіне сәйкес Экономикалық қызмет саласында алғаш рет қылмыс жасаған және келтірілген залалды өз еркімен өтеген адамға бас бостандығынан айыруды тағайындамау мүмкіндігіне жол беріледі. Алайда, бұл ереже ҚР ҚК 218, 218-1, 248 және 249-баптарында көзделген қылмыстарға қолданылмайды. Экономикалық контрабандаға байланысты қылмыстарға тән қоғамдық қауіптіліктің жоғары дәрежесін ескере отырып, көрсетілген ерекшеліктер тізбесін ҚР ҚК 234-бабымен толықтырған жөн.

Мұндай толықтыру елдің фискалдық, сыртқы экономикалық және кедендік саясатының негіздеріне нұқсан келтіретін әрекеттерге неғұрлым қатаң және негізделген қылмыстық-құқықтық жауап береді. Бұдан басқа, бұл өзгеріс халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және қылмыстық заңнаманы ізгілендіру мен мемлекеттің экономикалық мүдделерін тиімді қорғау қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Экономикалық контрабанда экономикаға ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің әлеуметтік, саяси және қоғамдық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне аса елеулі қатерлердің бірі болып табылады. Бұл құбылыстың жаппай таралуы, оның ұйымдастырылуы, сондай-ақ халықтың әртүрлі топтарының, соның ішінде құқық қорғау органдары мен мемлекеттік қызмет қызметкерлерінің қатысуы контрабандаға қарсы күресті күрделі және көп деңгейлі міндетке айналдырады.

Құқықтық реттеуді жетілдіру, оның ішінде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы шеңберінде экономикалық контрабанда үшін санкцияларды қайта қарау мәселелері ерекше өзекті болып табылады. Контрабанданың өсіп келе жатқан ауқымын және оның экономикалық қауіпсіздікке жойқын әсерін ескере отырып, мұндай қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейту, сондай-ақ құқық бұзушылардың әрекеттерін экономикалық контрабанда ретінде жіктеуге мүмкіндік беретін критерийлерді қайта қарау маңызды.

Мақалада қарастырылған санкцияларды өзгерту бойынша ұсыныстар, соның ішінде айыппұлды еселенген мөлшерде және бас бостандығынан айыру мерзімдерін көбейту, өткізілетін тауарлардың мөлшеріне байланысты контрабандаға қарсы күрестің тиімділігін арттыруға және оның одан әрі таралуына жол бермеуге бағытталған. Мұндай әрекеттер үшін жазаны қатаңдату құқық қорғау органдарының жұмысын жақсартуға, экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға және елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайлар қалыптастыруға ынталандыру болады.

Осылайша, экономикалық контрабандаға қарсы күрес жөніндегі құқықтық, ұйымдастырушылық және тәжірибелік шараларды жетілдіруді жалғастыру қажет, бұл өз кезегінде жаһандану және қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында Қазақстан Республикасының экономикалық тәуелсіздігі мен ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететін болады.

Зерттеу нәтижелері экономикалық контрабандаға қарсы іс-қимылдың қолданыстағы қылмыстық-құқықтық тетіктері толық жетілдіруді қажет ететінін көрсетті. Ұсынылған өзгерістердің ерекшелігі экономикалық контрабанда үшін жауаптылықты күшейтумен қатар, жазаны экономикалық залал мөлшерімен тікелей байланыстыруға бағытталғандығында. Бұл тәсіл құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыруға және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қорғаудың қосымша кепілдіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы экономикалық контрабанда үшін айыппұлды өткізілген тауар құнына еселенген мөлшерде белгілеу туралы ұсынысты негіздеуде, сондай-ақ ҚР ҚК 41 және 55-баптарына өзгерістер енгізу қажеттігін дәлелдеуде көрінеді. Ұсынылған модель экономикалық контрабанда үшін жауаптылықты саралаудың жаңа тәсілін қалыптастырады.

Авторлардың қосқан үлесі

Сеилханов Ж.Д. – зерттеу жұмысының негізгі мазмұндық және ғылыми бағытын айқындады. Ол тақырып аясында ғылыми идеяларды қалыптастырып, зерттеудің тұжырымдамасын жасады және кешенді зерттеу жоспарын әзірледі. Сонымен қатар ғылыми мақаланы дайындау кезеңдерін жүйелеп, оларды іске асыру мерзімдерін белгіледі. Зерттеу жоспарына сәйкес әдіснамалық негіздеме құрылып, тиісті материалдар жинақталды және талданды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде ғылыми тұжырымдар жасалып, мақаланың негізгі мәтіні дайындалды.

Шабанов В.Б. – мақаланың мазмұнын ғылыми талаптарға сай жетілдіруге үлес қосты. Ол мәтінді сыни тұрғыдан қайта қарап, мазмұндық және құрылымдық тұрғыда толықтырулар енгізді. Сондай-ақ мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға ұсыну алдында бекітті және оның редакция талаптарына толық сәйкес келуін қадағалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. (2025.31.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527> (Өтініш берген күні 15.12.2025).

2. Ақпараттық медиа-портал Polisia.kz – URL: <https://polisia.kz/ru/mvd-ustanovleny-shemy-kontrabandy-loma-metalla/> (Өтініш берген күні 25.12.2025).

3. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (Өтініш берген күні 26.12.2025).

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (2025.19.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294 (Өтініш берген күні: 26.12.2025).

5. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/news/details/1038016?lang=kk> (Өтініш берген күні: 26.12.2025).

6. «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 1046 Қаулысы (2025.08.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34968779 (Өтініш берген күні: 26.12.2025).

7. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлік. 2-том – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. 2 т. – 1116 бет.

8. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы бөлік. 1-том – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. ISBN 968-601-288-160-8 1 т. – 820 бет.

9. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы – URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (Өтініш берген күні: 28.12.2025).

10. Борчашвили И.Ш. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлік. 3-том – Алматы: Жеті Жарғы, 2021. 3 т. – 924 бет. ISBN 978-601-288-162-2.

11. Уголовный кодекс Республики Беларусь от 9 июля 1999 года № 275-3 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.02.2025 г.) – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=6;-107#pos=6;-107 (Өтініш берген күні: 29.12.2025).

Ж.Д. Сеилханов¹, В.Б. Шабанов²

¹*Международный университет Астана, Астана, Казахстан*

²*Белорусский государственный университет, Минск, Беларусь
(e-mail: janatdyisenbai001@gmail.com, lawcrim@bsu.by)*

Уголовно-правовой механизм противодействия экономической контрабанде: состояние и проблемы

Аннотация. Экономическая контрабанда является одной из наиболее опасных форм посягательства на экономическую безопасность государства, причиняющей ущерб финансовым интересам и подрывающей устойчивость правопорядка. В статье рассматриваются вопросы совершенствования уголовно-правового регулирования ответственности за экономическую контрабанду в Республике Казахстан с акцентом на положения статьи 234 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Цель исследования – разработка научно обоснованных предложений, направленных на повышение эффективности противодействия экономической контрабанде, защиту национальных интересов и сокращение случаев незаконного перемещения товаров через таможенную границу Евразийского экономического союза и государственную границу Республики Казахстан.

Проанализированы нормы уголовного законодательства и судебная практика, выявлены проблемы правоприменения. Особое внимание уделено вопросам дифференциации ответственности с учетом характера и степени общественной опасности деяния, его совершения повторно, группой лиц, с использованием служебного положения, а также в крупном и особо крупном размере.

Научная значимость работы заключается в уточнении подходов к определению пределов уголовной ответственности и формировании предложений по их корректировке. Практическая значимость состоит в возможности использования выводов при совершенствовании законодательства и в деятельности правоохранительных органов. Методологическую основу исследования составили анализ и синтез, формально-юридический и сравнительно-правовой методы, а также изучение судебной практики.

Обоснована необходимость усиления уголовной ответственности, включая увеличение сроков лишения свободы и штрафов, а также установление более строгих мер для должностных лиц и участников организованных групп. Сделан вывод о целесообразности дифференциации наказания в зависимости от способа совершения преступления и тяжести последствий. Резуль-

таты исследования ориентированы на совершенствование правового механизма противодействия экономической контрабанде.

Ключевые слова: экономическая контрабанда, уголовная ответственность, уголовное законодательство Республики Казахстан, статья 234 УК РК, ужесточение санкций, экономические преступления, правоприменительная практика, организованные преступные группы.

Zh.D. Seilkhanov¹, V.B. Shabanov²

¹*Astana International University, Astana, Kazakhstan*

²*Belarusian State University, Minsk, Belarus*

(e-mail: janatdyisenbai001@gmail.com, lawcrim@bsu.by)

Criminal law mechanism for countering economic smuggling: status and problems

Abstract. Economic smuggling constitutes one of the most serious threats to a state's economic security, causing damage to financial interests and undermining the stability of law and order. The article examines issues related to improving the criminal law regulation of liability for economic smuggling in the Republic of Kazakhstan, with particular emphasis on Article 234 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the study is to develop scientifically grounded proposals aimed at enhancing the effectiveness of countering economic smuggling, safeguarding national interests, and preventing the illegal movement of goods across the customs border of the Eurasian Economic Union and the State border of the Republic of Kazakhstan.

The study analyzes the provisions of criminal legislation and judicial practice, identifying key problems in law enforcement. Special attention is given to the differentiation of criminal liability depending on the nature and degree of public danger, including repeated commission of the offense, its perpetration by a group of persons by prior conspiracy, abuse of official position, as well as commission on a large or especially large scale.

The scientific significance of the research lies in clarifying approaches to defining the limits of criminal liability and formulating proposals for their improvement. The practical significance is reflected in the possibility of applying the findings in legislative development and in the activities of law enforcement agencies. The methodological framework of the study includes general scientific methods of analysis and synthesis, formal-legal and comparative-legal methods, as well as the examination of judicial practice materials.

The study substantiates the need to strengthen criminal liability, including increasing terms of imprisonment and the amount of fines. It also proposes stricter measures for officials and members of organized criminal groups involved in economic smuggling. The conclusion is drawn that punishment should be differentiated depending on the method of committing the offense and the severity of its consequences. The results contribute to improving the legal mechanism for combating economic smuggling.

Key words: economic smuggling, criminal liability, criminal legislation of the Republic of Kazakhstan, Article 234 of the Criminal Code, sanction enhancement, economic crime, law enforcement practice, organized criminal groups.

References

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңу. (2025.31.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Law on national security of the Republic of

Kazakhstan dated January 6, 2012 No. 527-IV. (With changes and additions made on 31.05.2025).]. adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527> (жүгінген күні: 12.09.2025)

2. Aqparattyq media-portal [Information media portal Polisia.kz]. Polisia.kz. Retrieved from <https://polisia.kz/ru/contacts/> (жүгінген күні: 12.09.2025)

3. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated October 15, 2021 No. 674 on approval of the concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan until 2030]. adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (жүгінген күні: 12.09.2025)

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (2025.19.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 226-V kr. (With changes and additions made on 19.05.2025).]. adilet.zan.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294 (жүгінген күні: 12.09.2025)

5. Qazaqstan Respublikasy Qarjylyq monitoriń agenttiǵınıń resmi saity [Financial monitoring of the Republic of Kazakhstan official website of the agency]. gov.kz. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/news/details/1038016?lang=kk> (жүгінген күні: 12.09.2025)

6. «2025 - 2027 жылдарға арналған республикалық биуджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 1046 Қаулысы (2025.08.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 10, 2024 No. 1046 (as amended and supplemented on 05.08.2025).]. adilet.zan.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34968779 (жүгінген күні: 12.09.2025)

7. Borchashvili I.Sh. (2021). Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлік. 2-том – Алматы: Zheti Zharfy [Commentary on the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. The special part. Volume 2-Almaty: seven Charters]. 2 t. 1116

8. Borchashvili, I.Sh. (2021). Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы бөлік. 1-том – Алматы: Zheti Zharfy [Commentary on the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. General part. Volume 1-Almaty: seven Charters]. 1 t. 820

9. Qazaqstan Respublikasy Bas prokuraturasy Qūqyqtıq statistika jáne arnayı esepke alu organdarynyń portaly [Portal of legal statistics and special accounting bodies of the prosecutor general's Office of the Republic of Kazakhstan]. <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (жүгінген күні: 12.09.2025)

10. Borchashvili I.Sh. (2021). Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Ерекше бөлік. 2-том – Алматы: Zheti Zharfy [Commentary on the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. The special part. Volume 2-Almaty: seven Charters]. 3 t. 924

11. Ugolovnyj kodeks Respubliki Belarus ot 9 iyulya 1999 goda № 275-Z (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 17.02.2025 g.) [Criminal Code of the Republic of Belarus No. 275-Z dated July 9, 1999 (with amendments and additions as of 02/17/2025).]. online.zakon.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30414984&pos=6;-107#pos=6;-107 (жүгінген күні: 12.09.2025)

Авторлар туралы мәлімет:

Сеилханов Ж.Д. – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының докторы, Құқық жоғары мектебінің аға оқытушысы, Астана халықаралық университеті, Қабанбай батыр даңғылы 8, 020000, Астана, Қазақстан

Шабанов В.Б. – заң ғылымдарының докторы, профессор, Беларусь мемлекеттік университеті, Ленинградская көшесі, 8, 220030, Минск, Беларусь

Сеилханов Ж.Д. – автор для корреспонденции, доктор юридических наук, старший преподаватель в Высшей школе права, Международный университет Астана, проспект Кабанбай батыра, 8, 020000, Астана, Республика Казахстан

Шабанов В.Б. – доктор юридических наук, профессор, Белорусский государственный университет, ул. Ленинградская, 8, 220030, Минск, Беларусь

Seilkhanov Zh. – corresponding author, Doctor of Law, Senior Lecturer, Higher School of Law, Astana International University, Kabanbay Batyr Avenue, 8, 020000, Astana, Kazakhstan

Shabanov V. – Doctor of Law, Professor, Belarusian State University, Leningradskaya St., 8, 220030, Minsk, Belarus



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).